

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

«А.Байтұрсынов атындағы  
Қостанай мемлекеттік  
университеті» РМК

Экономика факультеті



Бекітемін

Ғылыми кеңес төрағасы

А.Дошанова

26.09.2019 ж.



## Модульдік білім беру бағдарламасы

### 7M04104 Қаржы

Денгей: магистратура (бағыт– ғылыми және педагогикалық)

Қостанай, 2019

## **Құрастырушылар:**

Завьялова Е.Н. – қаржы және банк ісі кафедрасының аға оқытушысы, қаржы магистрі

Экономикалық факультеттің әдістемілік кеңес отырысында қарастырылған, хаттама №\_29.03.2019 ж.

Университеттің ғылыми кеңес отырысында қарастырылған, хаттама № 6 26.04.2019 ж.

## Білім беру бағдарламасының паспорты

<b>БББ коды және атауы</b>	7M04104 Қаржы
<b>Білім беру саласының коды және жіктелуі</b>	7M04 Бизнес, басқару және құқық
<b>Даярлау бағытының коды мен жіктелуі</b>	7M041 Бизнес және басқару
<b>Білім беру бағдарламасының түрі</b>	Қолданыстағы
<b>Білім беру бағдарламасының мақсаты</b>	
Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби міндеттерді шешуге қабілетті, қаржы саласында басқарудың практикалық дағдыларын меңгерген, сондай-ақ білім беру мекемелерінде қаржылық бейіндегі оқу пәндерін оқытуға және ғылыми зерттеулерге қабілетті жоғары білікті кадрларды даярлау.	
<b>Берілетін дәреже</b>	
"7M04104 Қаржы" білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдары магистрі	
<b>Маман лауазымдарының тізбесі</b>	
қаржы жөніндегі бас және жетекші маман, қаржы маманы, қаржы директоры, сауда директоры, қаржы талдаушы, аудитор және ревизор, сыртқы экономикалық қызмет маманы: республикалық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдарда, банктерде, биржаларда, қаржы және сақтандыру компанияларында, инвестициялық қорларда, ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық Банкі, мемлекеттік емес зейнетақы қорлары, қазынашылық органдары, түрлі деңгейдегі әкімдіктер жанындағы қаржы басқару және бөлімдері, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылық қызметтерінде, оқытушы, ҒЗИ ғылыми қызметкері.	
<b>Кәсіби қызмет объектілері</b>	
Қызмет аялары және салаларына тәуелсіз барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар, мемлекеттік және жергілікті басқару мен бақылау инфрақұрылымы және органдары, коммерциялық банктер, микрокредиттік ұйымдар, сақтандыру компаниялары, биржалар, кредит серіктестіктері, ломбардтар, ипотекалық және лизингтік компаниялар, орта кәсіптік және жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтары, ғылыми-зерттеу және сараптау-консалтингтік ұйымдар, халықаралық және аймақаралық, ведомствоаралық ғылыми жобалық ұйымдар.	
<b>Кәсіби қызмет түрлері</b>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>- аналитикалық;</li> <li>- жобалық-экономикалық;</li> <li>- ұйымдастырушылық-басқарушылық;</li> <li>- ғылыми-зерттеу;</li> <li>- консалтингтік;</li> <li>- педагогикалық.</li> </ul>	
<b>Кәсіби қызметінің функциялары</b>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>- нормативтік құжаттар мен әдістемелік материалдарды, сондай-ақ дайындалған жобалар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша ұсыныстар мен шараларды әзірлеу;</li> <li>- қаржы және кредит аясында өзекті мәселелерді зерттеу және анықтау;</li> <li>- қаржы және несие саласындағы зерттеулердің өту жоспарлары мен бағдарламаларын жасау, ғылыми бөлімдер мен жеке орындаушыларға тапсырмалар дайындау;</li> <li>- қаржылық-экономикалық зерттеулер жүргізу, нәтижелерін талдау әдістері мен құралдарын жасау;</li> <li>- кәсіби қызмет саласына жататын зерттелетін процестердің, құбылыстар мен объектілердің теориялық үлгілерін әзірлеу, нәтижелерді бағалау және түсіндіру;</li> <li>- білім беру бағдарламаларын және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.</li> </ul>	

### **БББ бойынша оқу нәтижелері**

- ON1 Ғылыми коммуникацияны ана және шет тілінде жүзеге асыру;
- ON 2 Ғылыми танымның әдіснамасын білу; ғылыми қызметті ұйымдастыру принциптері мен құрылымын білу, ғылыми-зерттеу қызметінің дағдысы болу;
- ON 3 Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды тарта отырып, ақпараттық-талдау және ақпараттық-библиографиялық жұмыстарды жүргізу; қаржылық қызмет саласында ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану;
- ON 4 Нәтижелі педагогикалық қызметін жүзеге асыруға талаптанушы білім алушылармен қарым-қатынасты құру, педагогикалық қызметін жобалау, оқылатын оқу пәндері тақырыбының мазмұнын білім алушыларға жеткізу;
- ON 5 Осы саладағы ең озық білім элементтерін қоса алғанда, макро - және микродеңгейлерде қаржылық ресурстарды пайдалануды болжауды, реттеуді және бақылауды ұйымдастыру, жоспарлау саласындағы білім мен түсінуді көрсету;
- ON 6 Инвестициялық жобаларды бағалау саласындағы ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асыру;
- ON 7 Әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестерге баға беру және индустриялық дамыған елдердің озық тәжірибесін Қазақстанның экономикалық практикасына енгізу;
- ON 8 Теңгерімді басқару шешімдерін дайындау мақсатында коммерциялық банктердің функционалдық стратегиялары арасындағы өзара байланысты талдау;
- ON 9 Қаржы институттарының қызметін талдау, қаржылық менеджменттің ғылыми негізделген қажетті нысандарын таңдау жасау, процестерді сипаттау және болжау үшін модельдерді пайдалану.

### **Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінің (ҚР-ЖББК) біліктілік шеңберінің аясындағы екінші деңгейдегі дескрипторлар**

Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін түлектер:

- 1) зерттеу контекстінде идеяларды әзірле және қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;
- 2) жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қаблетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;
- 3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпараттық жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;
- 4) мамандарға, сондай-ақ маман еместере ақпаратты, идеяны; қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиісінше түрде хабарлау;
- 5) зерделеніп отырған салада оған әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қаблетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

## Білім беру бағдарласының мазмұны

Модульдің атауы	Компонент цикілі (МК, ЖОО, ТК)	Пәндер	Пәннің /тәжірибенің атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Кредиттер саны	Семестр	Қалыптастырылатын компетентциялар (кодтары)
Жалпы кәсіби пәндер	БП ЖООК	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы	Пән ғылым феноменінде арнайы философиялық талдау пәні ретінде қаралады, ғылым-негіздері мен теориясы туралы, ғылымның даму заңдылықтары мен ғылыми білімнің құрылымы туралы, мамандық және әлеуметтік институттар ретіндегі Ғылым туралы, ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері туралы, қоғамның дамуындағы ғылымның рөлі туралы білімді қалыптастырады.	3	1	ON2
	БП ЖООК	ShT 5202	Шет тілі (кәсіби)	Бұл пәнді оқу кезінде магистрлер оқытылатын лексикалық және грамматикалық тақырыптар шегінде шет тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын меңгереді. Кәсіби қызмет саласында арнайы және ғылыми әдебиетті түсіну дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлінеді.	5	1	ON 1
	БП ЖООК	ZhMF 5203	Жоғары мектептің педагогикасы	Бұл пәнді оқу магистранттарда жоғары мектептегі оқытушылық қызметке қажетті қазіргі заманғы білімнің маңызды салаларының бірі ретінде педагогикалық ғылым туралы білім және түсінік жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пән мазмұнында жоғары мектеп педагогикасының орны, рөлі және маңызы	4	1	ON 4

				туралы түсінік беретін педагогикалық теорияның ғылыми, теориялық негіздері қарастырылады.			
	БП ЖООК	ВР 5204	Басқару психологиясы	Пән магистранттардың басқару психологиясының теориялық-әдіснамалық негіздерін түсінуін, басқару үрдістері жүйесіндегі тұлғаның рөлі мен орны туралы түсінігін береді, басқару қызметінің және басқару өзара әрекетінің мәнін ашады. Магистранттар персоналды басқару принциптері мен әдістерін, мотивация теориясын, басқарушылық шешімдерді қабылдауды зерттейді, басқару-ортасындағы басшылық, көшбасшылық және тұлғааралық коммуникация дағдыларын алады.	4	1	ОН 5
Қаржы саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	БП ТК	GZUA KShM KE 5205	Ғылыми-зерттеу ұйымының әдістемесі және қаржылық шешімдерді математикалық қамтамасыз ету	Пән ғылыми ақпаратты іздеу, жинақтау және өңдеу, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өткізу, өңдеу және рәсімдеу, ұйымдастыру-басқару шешімдерін қабылдау кезінде қаржы саласындағы математикалық әдістерді қолдану және олардың салдарын бағалау қабілетін қалыптастырады.	5	1	ОН 2, 3
	БП ТК	GZZhU 5205	Ғылыми зерттеулерді жобалау мен ұйымдастыру	Пән ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау бойынша білімдер мен дағдылар кешенін қалыптастырады; ғылыми зерттеу үдерісін ұйымдастыру мазмұнын зерделеуге, сонымен қатар макро - және микродеңгейлерде қаржыны басқару саласында ғылыми зерттеулерде қолданылатын қазіргі заманғы әдістерді меңгеруге мүмкіндік береді.			ОН 2,3
	КП ЖООК	КТ 5301	Қаржы теориясы	Пән экономикалық ғылымның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі - қаржы туралы	5	1	ОН 5,9

				ғылымды тереңдетіп оқытуға арналған, ол магистранттарды бәсекеге қабілетті мамандар ретінде теориялық және практикалық даярлауды қамтамасыз етуге арналған, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының күрделі мәселелерін қоюға және шешуге қабілетті. Қаржының экономикалық мәнін білу қаржы жүйесі үшін білікті мамандарды дайындау кезінде ең қажетті болып табылады.			
<b>1 Қаржылық менеджмент және бизнес құнын басқару білім беру траекториясының модульдері</b>							
Мемлекеттің қаржы жүйесінің қазіргі қалыптасуының аспектілері	КП ЖООК	ЕКАН RA 5302	Экономиканы қаржылық және ақша - несиелік реттеудің әдістері	Пән жаһандану жағдайында инфляциялық үрдістерге талдау жүргізу және қаржы нарығы мен қаржы институттарын реттеудің қазіргі мәселелерін талдау әдістері арқылы, экономиканы қаржылық және ақша-несиелік реттеу әдістерін қолдану бойынша білімдер мен дағды кешенін қалыптастырады.	5	2	ON 5,9
	КП ТК	SA 6303	Салықтық әкімшілендіру	Пән магистранттарда салық органдарында практикалық жұмыс үшін қажетті және бюджетке салықтарды толық және уақтылы төлеуді қамтамасыз етуге бағытталған салық саласындағы ұйымдастыру, жоспарлау, реттеу және бақылау саласындағы теориялық және практикалық білімдер кешенін қалыптастырады.	5	3	ON 5,9
	КП ТК	BSSO M 5304	Бюджетті – салықтық саясатының өзекті мәселелері	Пән бюджетті қалыптастыру кезінде есепке алынатын маңызды көрсеткіштер бойынша жоспарларды әзірлеу дағдыларын меңгеруге, мемлекеттің қаржылық және экономикалық саясатында болып жатқан өзгерістерге сәйкес міндеттемелер мен салықтар бойынша есеп айырысуларды жүргізуге, кірістер мониторингін жүргізу әдістеріне (болжамды	5	2	ON 5,9

				нақты түсімдермен салыстыру, ағымдағы жылды бағалау, болжамды нақтылау) сәйкес мүмкіндік береді.			
Қаржылық басқарудың стратегиясы мен тактикасы	КП ТК	КМ(І) 5305	Қаржылық менеджмент (ілгерілемелі)	Пән қаржылық менеджменттің тұжырымдамалық негіздерін және кәсіпорынның қаржы ресурстарын басқарудың теориялық базисін, фирманы инвестициялау нәтижелерін ұсыну және талап етілетін есептерді орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратты тіркеу және сақтау, сондай-ақ кәсіпорын қызметін басқару процесінде алынған білімдерді практикалық пайдалануды қалыптастырады.	5	2	ON 5,9
	КП ТК	KZhBST 6306	Қаржылық жоспарлау мен болжау: стратегия және тактика	Пән стратегиялық жоспарлау және болжамдау объектісі ретінде ұлттық экономиканың дамуын талдауға; ҚР мемлекеттік стратегиялық жоспарлау және болжамдаудың қалыптасатын мәселелерін анықтауға; ҚР мемлекеттік стратегиялық жоспарларын әзірлеудің негізгі кезеңдерін анықтауға, олардың мониторингін жүргізуге, сондай-ақ стратегиялық жоспарлар мен болжамдардың іске асырылуына бағалау мен бақылау жүргізуге мүмкіндік береді.	5	3	ON 5,7,9
Инвестициялық шешімдерді және тәуекелдерді басқару	КП ТК	IZhKB 6307	Инвестициялық жобаларды қаржыландыру және басқару	Пән ұйымның инвестицияларын басқарудың теориялық негіздерін және инвестициялық жобаларды әзірлеу әдістерін, талдаудың біртұтас білім жүйесін қалыптастырады. Магистранттар инвестициялық жобаның экономикалық мазмұнын, оның кезеңдерін, жобаның тиімділігін бағалау әдістемесін, ақша түсімдері мен төлемдерді	5	3	ON 6,9



				дисконттауды, инвестициялық жобадағы тәуекелдерді басқаруды, жобаларды басқару әдістерін зерттейді.			
	КП ТК	КТBS 6308	Қаржылық тәуекелдерді басқару және сақтандыру	Пән қазіргі жағдайда тәуекелдерді басқарудың негізгі тәсілдері туралы және тәуекел-менеджменттің тиімді әдісі ретінде сақтандыру негіздері туралы түсінік береді. Қаржы-экономикалық тәуекелдерді басқару жүйесінің негіздерін білу микро,-макро - мезодеңгейлерінде негізгі қаржы - экономикалық көрсеткіштер динамикасының негізделген болжамдарын жасауға мүмкіндік береді	4	3	ON 5,9
<b>2 Қазіргі банктік өнімдер мен технологиялар білім беру траекториясының модульдері</b>							
Мемлекеттің қаржы жүйесінің қазіргі қалыптасуының аспектілері	КП ЖООК	ЕКАН РА 5302	Экономиканы қаржылық және ақша - несиелік реттеудің әдістері	Пән жаһандану жағдайында инфляциялық үрдістерге талдау жүргізу және қаржы нарығы мен қаржы институттарын реттеудің қазіргі мәселелерін талдау әдістері арқылы, экономиканы қаржылық және ақша-несиелік реттеу әдістерін қолдану бойынша білімдер мен дағды кешенін қалыптастырады.	5	2	ON 5,9
	КП ТК	МВК 6303	Мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру	Пән ұлттық экономика салаларын бюджеттік қаржыландыруды ұйымдастыру саласында білім және тәжірибелік дағдылар кешенін қалыптастырады. Магистранттар экономиканың нақты секторын мемлекеттік қаржылық қолдаудың басым бағыттарын анықтау үшін ұлттық экономиканың жекелеген салаларының жағдайы туралы аналитикалық материалдарды дайындау қабілетін, экономикалық өсу серпініне экономика	5	3	ON 5,7,9

				салаларын мемлекеттік қаржылық қолдаудың іс жүзінде жүзеге асырылатын шараларының әсерін зерттеу қабілетін меңгереді.			
	КП ТК	НВ 5304	Халықаралық банкинг	Пән халықаралық банкингтегі экономикалық үдерістерді дамытудағы негізгі бағыттар, ерекшеліктер мен үрдістер туралы білім мен дағды кешенін қалыптастырады. Магистранттар коммерциялық банктегі комплайенс-бақылау мәселелері бойынша нормативтік материалдарды және халықаралық банкингтегі соңғы инновациялар туралы түсініктерді меңгере алады.	5	2	ON 7,8
Коммерциялық банктердің қызметтерін реттеу	КП ТК	SBM 5305	Стратегиялық банктік менеджмент	Пән банкте стратегиялық менеджменттің тәжірибесі мен халықаралық тәжірибесінің теориясын ғана емес, сонымен қатар отандық банктерде басқару жүйесін қалыптастыру механизмін зерттеуге мүмкіндік беретін мәселелерді қарастырады. Бұл курс Қазақстандағы стратегиялық банк менеджментін дамытудың негізгі бағыттарын ашады.	5	2	ON 5,8,9
	КП ТК	КІТМ 6306	Қаржылық институттардағы тәуекелдік менеджмент	Пән қаржылық ақпаратты дайындау және компаниялар мен қаржы институттары үшін есептілікті құру қабілетін қалыптастырады. Магистранттар компаниялар мен қаржы институттарын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржыландыру үшін капитал көздерін талдай алады, жаңа қаржы құралдарын құрастыра алады және компания мен қаржы институтының инвесторларына төлем жасау саясатын	5	3	ON 5,9

				негіздей алады.			
Қаржылық институттар қызметтерінің халықаралық аспектілері	КП ТК	ІКН 6307	Исламдық қаржыландыру негіздері	Пән Қазақстан экономикасының дамуының жаңа үрдістеріне, атап айтқанда бизнесті қаржыландыру әдістеріне жауап беретін жоғары білікті мамандарды дайындауды қамтамасыз етуге арналған; нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпкерлік қызметті исламдық қаржыландыру нысандары мен әдістері бойынша жүйелендірілген білім.	5	3	ON 7,8,9
	КП ТК	АКНІ 6308	Әлемдік қаржылық нарықтар және инвестициялар	Пән магистранттарда әлемдік қаржы нарығы мен инвестицияның теориялық және практикалық аспектілері бойынша біртұтас білім жүйесін қалыптастырады. Курсты оқып болғаннан кейін магистранттар негізгі әлемдік қаржы орталықтары мен қор биржаларын, қолданылатын қаржы құралдарын, әлемдік қаржы нарығының инфрақұрылымын, қаржы нарықтарын реттеу ерекшеліктерін, әлемдік нарықтағы инвестициялық қызметтің мазмұнын білетін болады.	4	3	ON 6,7,9
<b>Вариативтік модуль – 10 кредит (5206,5207)</b>							
Жалпы базалық пәндер	БП ТК	АМАСhТ	Арнайы мақсаттарға арналған шет тілі	Пән мамандандырылған лексикаға бағдарланған шет тілін оқытуға бағытталған. Шетелдік әріптестермен кәсіби деңгейде диалог жүргізуге, құжаттама мен іскерлік хат алмасу жүргізуге көңіл бөлінеді.	5	2	ON 1
	БП ТК	ІКТ	Іскерлік қазақ тілі	Пән магистранттардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, іскерлік қазақ тілінің грамматикасын, іскерлік қарым-қатынасқа байланысты лексикалық минимумдарды	5	2	ON 1

				оқытуға бағытталған. Магистранттар жұмыс, жұмыс уақыты, жұмыс күнін қазақ тілінде жоспарлау туралы баяндамалар жасауды үйренеді.			
	БП ТК	IR	Іскерлік риторика	Бұл пән қазіргі заманғы жалпы риторика заңдарымен, коммуникативтік ынтымақтастық принциптерімен, көпшілік алдында сөз сөйлеу құрылымымен таныстырады. Магистранттар ғылыми және іскерлік коммуникацияда әр түрлі жанрлардағы мәтіндерді дайындау үшін ақпаратты жүйелеуді және жинақтауды; ғылыми және іскерлік коммуникацияда өз көзқарасын қисынды, дәлелді және анық баяндауды үйренеді.	5	2	ON 2,3
	БП ТК	IBVT	Инновациялық білім беру технологиялары	Пән жоғары оқу орнындағы білім беру ортасын технологияландыру бойынша білім мен дағдыны қалыптастырады. Магистранттар оқытудың инновациялық технологияларын, олардың жіктелуін зерттейді. Жоғары оқу орнының білім беру жағдайында оқытудың заманауи технологияларын таңдауға және қолдануға үйренеді.	5	2	ON 3
	БП ТК	PShN	Педагогикалық шеберлік негіздері	Пән кәсіби-педагогикалық қызметке қажетті педагогикалық шеберлік негіздерін қалыптастырады. Магистранттар педагогикалық шеберлікті қалыптастыруға қажетті білімді игеріп, педагогикалық шындықтың құбылыстарын талдап, оны ой елегінен өткізіп, педагогикалық жағдайларды нәтижелі шешу әдістерін меңгереді.	5	2	ON 4

	БП ТК	КТР	Конструктивті тілдесу психологиясы	Пән келесі сұрақтарды зерттеуге бағытталған: тұлға аралық қарым-қатынас, адами қарым-қатынас ерекшеліктері, коммуникативтік күзiреттілік, қарым-қатынас процесінде адамдардың бір-бірін білуі және түсiнуі, қарым-қатынас процесінде өзара әрекеттесу, әлеуметтік-психологиялық қақтығыс сипаты. Магистранттар конструктивті (тиімді) қарым-қатынас тәсілдері мен әдістерін меңгереді.	5	2	ON 4
	БП ТК	ІТ	Интернет технологиялар	Пәнді оқу кезінде магистранттар Интернетті ұйымдастыру және қызмет ету технологияларын, Интернет ортасында қолдану үшін қосымшаларды жобалау әдістерін үйренеді, Интернетте іздеу технологияларымен, сервистермен, интернет технологияларын дамыту перспективаларымен танысады.	5	2	ON 3
	БП ТК	ZhBZT	Жобаларды басқарудың заманауи технологиялары	Пән халықаралық және ұлттық талаптарға сәйкес жобалық менеджмент саласындағы мамандардың біліктілігін және жобалық қызметтегі заманауи үрдістер мен технологияларды білуге бағытталған кәсіби жоба менеджерлерін даярлауға бағытталған.	5	2	ON 2,3
	БП ТК	RIK	Риторика. Іскерлік қатынас.	Курсты меңгеру барысында магистранттар риториканың негізгі қағидалары мен әдістерін, сөйлеу мәдениетінің негіздерін, дау, пікірталас және дәлелді таңдау әдістерін үйренеді. Магистранттар өздеріне қажет ақпаратты қалай табуға, аудитория алдында сөз сөйлеуге, іскери келіссөздер жүргізуге және аудиториямен өзара	5	2	ON 1,3

				әрекеттесуге үйренеді.			
	БП ТК	ВТК	Бұлтты технологияны қолдану	Пән магистранттарда бұлтты технологиялар саласындағы білім мен жұмыс дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Магистранттар бұлтты технологияларды және оларды жұмыста пайдалану аспектілерін, бұлтты құжат айналымын, Google құжаттарын зерттейді. SkyDrive (office.com), бірлескен қызметке арналған құралдар. Бұлтты деректер қоймасын пайдалануды үйренеді Dnevnik.ru және Dropbox, Яндекс. Диск.	5	2	ON 3
Кәсіби практикалар	БП ЖООК		Педагогикалық практика	Педагогикалық тәжірибе оқыту және оқыту әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Бұл ретте магистранттар бакалавриатта сабақ өткізуге тартылады	4	3	ON 1,4
	ПП ЖООК		Зерттеу практикасы	Зерттеу практикасы ғылыми зерттеулер үдерісін ұйымдастыруға, жоспарлауға және іске асыруға, заманауи теориялар мен талдау әдістері негізінде дербес ғылыми зерттеу жүргізуге, зерттеудің заманауи әдіснамасын таңдауға және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.	10	4	ON 2, 5-9
Ғылыми зерттеушілік жұмыс	МҒЗЖ		Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	МҒЗЖ магистранттарда ғылыми шығармашылыққа, олардың әдістемесіне және ғылыми-зерттеу есептерін өз бетінше шешу тәсілдеріне қызығушылығын қалыптастырады; шығармашылық ойлау мен дербестікті дамытады; алған теориялық және практикалық білімдерін тереңдетіп, бекітеді және неғұрлым дарынды және талантты магистранттарды анықтайды,	4,5,7,8	1,2,3,4	ON 2,5-9

				ғылымның өзекті мәселелерін шешу үшін олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін қолданады.			
Қорытынды аттестаттау	ҚА		Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРҚ)		12	4	ОН 1,3, 5
				<b>Барлығы</b>	<b>120</b>		